

А.А. Алимбекова¹, М.П. Асылбекова², Г. Утемисова³

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан;

^{2,3}Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: aalimbekova@mail.ru¹, marziya_asyzbekova@mail.ru², gulmira.8777ra@gmail.com³)

<https://orcid.org/0000-0001-5154-95601>, <https://orcid.org/0000-0001-7529-8022>,
<https://orcid.org/0000-0003-3229-525633>

Буллингтің алдын алудың практикалық аспектілері

Мақалада буллинг ұғымы агрессивті мінез-құлықтың бір түрі ретінде қарастырылған. Бұл ұғымға қатысты ғалымдардың бірнеше ғылыми тұжырымдары берілген. Авторлар жалпы білім беретін орта мектепте буллингтің алдын алу жұмыстарының практикалық аспектілерін өздері жүргізген диагностикалық жұмыстарының нәтижелері арқылы көрсете білген. Жасөспірім кезеңіндегі буллингтің негізгі себептері нақты аталған. Олар: мектептің атмосферасы, тұлғашылық себептердің психологиялық және физиологиялық өзгерістерді қамтитын өтпелі жастағы тәжірибеге негізделетіні, ал отбасылық себептер балалар мен ата-аналар арасындағы мәселелерден туындайтындығы туралы айтылған. Аталған себептер оқушылардың психологиялық өзгерістерімен байланысты. Сонымен қатар, буллингке де және оның құрбандарына қатысты болатыны ғылыми идея тұрғысында жазылған. Диагностика жұмыстарында мектептегі буллингті анықтауға арналған ғылыми зерттеу нәтижелері дәлелденген әдістер қолданылған. Буллингтің алдын алуға байланысты тренинг бағдарламасы оқушылардың бір-бірімен дұрыс қарым-қатынас орнатуына ықпал етуге бағытталған. Оқушының өзін-өзі бағалай білуіне, дәрежесін көтеруіне мотивация беретін, басқа адамдарға шыдамдылықпен, құрметпен, кешірімділікпен қарауға үйрететін, адами құндылықтарға негізделген.

Кілт сөздер: буллинг, жасөспірім, деликвентті, депривация, феномен, мінез-құлық, әлеуметтену үдерісі, тәрбие ортасы, вербалды буллинг, агрессия.

Кіріспе

Буллинг деликвентті феномен ретіндегі мінез-құлық жасөспірімдердің өміріндегі әлеуметтік өзекті мәселелерді зерттейді. Буллинг (ағылш. bullying – қорқыту), буллингтің синонимі — белгілі бір жағдайда өзін қорғай алмайтын басқа адамға жеке адамның немесе топтың ұзақ мерзімді күш көрсету немесе психологиялық зорлық-зомбылығынан туындайтын жағдай. Күштің *теңсіздігі, ұдайы қайталануы және жәбірленушінің жанкүйзелісінің жоғары сезімталдығы* буллингтің маңызды белгілері. Буллинг себептері:

Биологиялық компонент — баланың эмоционалды жағдайын басқаратын жасөспірім кезіндегі физиологиялық өзгерістер;

Әлеуметтік құбылыстар — қорқыныш, икемділік, бейімделу, келісім, өзін-өзі дәлелдеуге қоғамдық қалыпқа қарсы әрекет;

Ересектердің көзқарасы мен іс-әрекеті — бейхабарлық, немқұрайлылық таныту, араласпау.

Кез келген әлеуметтік ортада буллингтің орын алу себебі жәбірленушінің ерекшеліктерінде емес, топтың ерекшеліктеріне байланысты болады. Осыған орай топтың ерекшеліктеріне байланысты буллинг түрлері төмендегідей бөлінеді:

– вербалды буллинг: (*ауызша қорлау, қорқыту, кемсіту, қауесет тарату, намысқа тию, ар-ожданды қорлау*);

– физикалық агрессия: (*қасақана итеру, қағып өту, ұру, тепкілеу, ұрып-соғу, басқа да дене жарақаттарын салу және т.б.*);

– қорқыту: (*жәбірленушіні жағымсыз іс-әрекетке мәжбүрлеу үшін агрессивті мінез-құлық көрсету, дауыс интонациясы, жест, мимика*);

– бопсалау: (*ақша, тамақ, басқа заттар беруге, біреуден тартып немесе ұрлап алуды бұйыру, үгіттеу*);

– окшаулау: (*бойкот жариялау, елемей, бөліп тастау, ортаға қоспау т.б.*)

– заттық: (*мүлкін зақымдау, заттарын лақтыру, тебу т.б.*)

– кибербуллинг: (*интернетті пайдалану, әлеуметтік желілер арқылы қорқыту*).

Кибербуллингтің ерекшелігі буллингке қатысушы аудиторияның кең болуы, буллердің жасырын қалу және бұрмалау мүмкіндігінің жоғарылығы, жәбірленушінің кез келген жерде және кез келген уақытта қолжетімділігі.

Буллингке қатысушылардың ұстанатын негізгі позициялары:

– қуғыншы: (булли), өзін-өзі растау үшін зорлық-зомбылықты қолдануға дайын, импульсивті; агрессивті тез ашуланғыш, тәртіп, адамгершілік ережелерін сақтауға қарсы тұрады, өз құрбаны деп санаған адамына дөрекілік пен жанашырлықтың жоқтығын көрсетеді;

– қудаланған (құрбан) жәбірленуші сезімтал, әлсіз, өзін-өзі сақтап қалу үшін қарсы тұра алмайды, табанды сенімді болудан, құрметтен айырылған.

– бақылаушылар: (*куәгерлер*) өздерін кінәлі және дәрменсіз сезінеді.

Жасөспірімдер ортасындағы буллингтің негізгі себептерін сыртқы, тұлғаишілік және отбасылық деп бөлуге болады. Сыртқы себептер — білім беру ұйымындағы атмосферасының әсері, тұлғаишілік себептер жасөспірімнің өтпелі кезеңіндегі тәжірибеге байланысты, ал отбасылық себептер балалар мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынастардағы мәселеге байланысты пайда болады. Бұл себептер жасөспірімнің психологиялық өзгерістері мен тәжірибесіне байланысты және *жәбірленушіге* де қатысты.

Осыған орай буллинг орын алған жағдайда булли және оның құрбандармен жеке дара жұмыстар жүргізу маңызды. Білім беру ұйымдарында буллингтің алдын-алу мақсатында оң нәтижеге жету үшін, бүкіл мектеп оқушыларын қамту, әр сыныпта зорлық-зомбылықты болдырмау және одан сақтанудың жолдарын практикалық жұмыс барысында рефлексия тиімді нәтиже береді. Буллингтің түрлеріне байланысты рефлексияны қарастыруға болады:

– жағдаяттық: дәл қазір болып жатқан жағдайлар;

– ретроспективті: өткен оқиғалар;

– перспективалы: болуы ықтимал оқиғаны жоспарлап, болжаған кезде.

Ретроспективті рефлексия кезінде бұрын жасалған буллинг әрекеттерге есеп беру және бағалау арқылы оқушылар дұрыс шешім қабылдауды үйрене алады [1].

Негізгі бөлім

Ғылыми еңбектерге сүйенсек, мектептегі буллинг XX ғасырдың басында зерттеле бастаған. Буллинг туралы зерттеулердің негізін қалаушылар Д. Олвеус [2], Л. Хьюсманн және Л. Эрон [3], В. Бесаг [4]. Сонымен қатар, буллинг мәселесін теориялық және практикалық жағынан зерттеп көптеген еңбектер қалдырған (В. Бесаг, Д. Лейн, К. Дьюкс, В.Т. Ортон, Д.А. Лэйн, Д.П. Таттум, Е. Мунте және т.б.) ғалымдарды атауға болады.

Қазіргі кезде жасөспірімдердің арасындағы буллингтің алдын алу мақсатында Д. Олвеустің балалардың агрессивтілігі туралы жүргізген зерттеулерін басшылыққа алуға болады. Ол 1973 жылы зерттеулерінің негізінде «*Aggression in the Schools: Bullies and Whipping Boys*» [5] атты еңбек шығарды. Аталған еңбекті қазақ тіліне аударғанда «Ұруға арналған ұлдар мен мектеп бұзақылары» деген мағына береді. Автор зерттеу барысында «ұруға арналған ұлдар» және «мектеп бұзақылары» туралы құнды мәліметтер алды. Алынған мәліметтер буллилер және олардың құрбандарының жеке ерекшеліктерін кеңірек зерттеуге мүмкіндік берді. Д. Олвеустің еңбектеріндегі буллингпен нақты күрес шаралары, мектептегі буллилердің агрессиялық әрекетінің алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру үшін негіз болып табылады. Басында ол баланың жақын ортасына, мектеп типтеріне, әлеуметтік кіші орта арасындағы буллингтің таралуы мен жиілігіне ерекше көңіл аударды. Сонымен қатар зерттеулерінде құрбан (жәбірленуші) мен буллидің жеке ерекшелігіне және олардың отбасы мен жақын ортасына басымдылық берілді. Демек ғалымның идеясы бойынша баланың жақын әлеуметтік ортасының кейбір жағымсыз жағдайлары оның агрессивтілігін ынталандырып, әлсіз сыныптастарына бағытталған буллингтің қозғаушы күші болып табылады. Д. Олвеус жасаған тұжырымдама ғылымда танылған деп саналады, сонымен бірге ғылыми қоғамдастықта көптеген пікірталастар туғызады. 1990-жылдың басында автор буллинг пен қоғамға қарсы мінез-құлықтың алдын алу және күресу шараларын әзірлеуге үлкен мән берді, нәтижесінде Олвеус бағдарламасының тиімділігі сынақтан өтіп, бағаланды. Бүгінгі күні Д. Олвеус *буллинг және моббинг* мәселелерін зерттеудегі ғылыми танылған әлемдік беделді тұлға.

К. Арораның зерттеу қорытындысына сәйкес, буллинг ұзақ мерзімді бір адам жүзеге асыратын күш көрсету немесе психологиялық зорлық-зомбылық топпен және қолы жетпейтін адамға бағытталған өзін нақты жағдайда қорғай алмайтын адамды қорқыту, жанына батыру және ұзақ мерзімге қыс-

паққа алу. Мектеп ортасында зорлық-зомбылық мәселесін зерттей келе, «буллинг мектеп оқушыларының арасындағы қарым-қатынаста реніш немесе стресс сезімдерінің пайда болуынан», – дейді [6].

П.К. Смит және П.Ф. Брейн буллингті жағдаят ретінде анықтай келе, құрбанды ұру, тепкілеу, бөлмеге құлыптау, қорқынышты хабарламалар жіберу, адаммен қарым-қатынастан бас тарту сияқты қорлаудың нақты мысалдарын келтіреді [7].

Ғалымдар буллинг мәселесін ұзақ уақыт бойы зерттеп, олармен күресу жолдарын айтып келеді. Буллинг мәселесін түбегейлі шешу мүмкін емес. Дегенмен, мектепте буллингті тоқтатудың бірден-бір жолы — алдын алу жұмыстарын дұрыс ұйымдастырған жағдайда оқушылар бір-біріне зорлық-зомбылық жасаудан аулақ болу ықтималдығы жоғары.

Буллингтің алдын алу жұмыстары келесі аспектілерді қамтуы керек: қауіпсіздікті қамтамасыз ету, ескерту, сақтандыру, жою және бақылау.

Алдын алу жұмыстары оқушының әлеуметтік өзгерісін қамтиды, оқушының отбасылық, жеке өмірлік тәжірибесін есепке ала отырып, педагогикалық және тәрбиелік шаралар өткізу, мінез-құлқының сапасын жақсартуға ықпал ететін арнайы бағдарламалардан тұрады.

Буллингтің алдын алу жұмыстары оқушының әлеуметтік, отбасылық, жеке жағдайын оның өмір сүру сапасы мен мінез-құлқын жақсартуға ықпал ететін арнайы педагогикалық және тәрбиелік шараларды қолдану арқылы, тұлғаға бағдарлы іс-әрекеттер арқылы өзгертуді көздейді. Себебі көптеген зерттеушілер буллингтің алдын алу және бақылаудың әртүрлі оңтайлы әдістерін іздейді. Диспозициялық көзқарас ұстанымының өкілдері буллингтің алдын алу агрессия құрбандарының коммуникативті дағдылары мен өзіне деген сенімін қалыптастыру, агрессорларда төзімділікті дамыту қажеттілігі идеясына негізделуі керек деп санайды. Айта кету керек, көп жағдайда буллинг құрбанының агрессияға ұшырау себебі өзінің буллинг мүмкіндік беруінен болады. Сондықтан оқушылармен алдын алу жұмыстары жүйелі өтіп отыру маңызды және өзінің оң нәтижесін береді.

Алдын алу шараларының негізгі мақсаты — оқушыларға буллингтің не екенін, оның құрдастарымен келіспей немесе төбелесіп қалатын жағдайлардан айырмашылығын түсіндіру; стрестік жағдайдан сақтануды, күресуді үйренуге көмектесу; буллингке ұшыраған жағдайда немесе куәсі болған жағдайда кімге және қайда барып, көмекті қалай сұрау керек екенін үйрету.

Буллингтің алдын алу міндеттері:

- агрессор және буллингке ұшырауға мүмкін балалармен жұмыс жасау үшін мұғалімдердің кәсіби даярлығын арттыру;
- оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасын жақсартуға жәрдемдесу;
- ата-аналарға психологиялық-педагогикалық кеңес беру;
- психологиялық соққы және әлеуметтік қауіпті жағдайды болдырмау;
- өзара төзімділік пен әлеуметтік құзыреттіліктер мен адами құндылықтарды дамыту;
- оқушының өзі туралы және басқалармен қарым-қатынасы туралы негативті ойларын түзетуге ықпал ету.

Материалдар мен әдістер

Мектепте буллингтің алдын алу жұмыстарымыз үш кезеңде жүзеге асырылады: *диагностика, алдын алу және рефлексия*. Диагностика кезеңінде сауалнамалар, тест және социометрия жүргізіледі. Буллингтің алдын алу әдістері — белгілі бір тақырыптар бойынша сынып сағатын (буллинг, төзімділік және т.б.), тренинг, әңгімелесу және пікір алмасу өткіздік.

Дж. Мореноның «Социометрия» әдісі. Сынып қалаулыларын және лидерлерді анықтау;

Д. Олвеустің «Буллинг» әдістемесін мектептегі буллингтің таралуы мен ерекшелігін анықтау үшін қолдандық. Аталған әдістемеді екі бөлек аспектіні анықтайды: буллингтің көріністері және оған бейімділік.

1. Тікелей белсенді буллинг — физикалық көріністер (қасақана итеру, ұру, тепкілеу, ұрып-соғу, басқа да дене жарақатын жасау, заттарды ұрлау немесе бүлдіру, қорлау) және ауызша (қорлау, үрейлендіру, кемсіту, қорқыту), агрессия, т.с.с.

2. Жанама белсенді буллинг — оқшаулану (әлеуметтік бөлу) көріністері: қауесет, қастандық, бойкот, өтініштерді елемей, т.с.с.

3. Тікелей пассивті буллинг (виктимдік) — физикалық және ауызша агрессияға ұшырау;

4. Жанама виктимдік (жанама пассивті буллинг) – әлеуметтік депривацияға ұшырау.

Сауалнамаға нұсқаулық: мәлімдемелерді мұқият оқып, өз жауабыңызды таңдап, белгілеңіз. (оқушыларға сауалнама сұрақтарының жауаптарының нұсқалары ұсынылады, әр жауап үшін 1 ұпай беріледі).

Балдары	Жауаптары				
	Ешқашан болмады	Бір-екі рет болды	Кейде болып тұрады	Аптасына бір рет болады	Аптасына бірнеше рет болады
	0	1	2	3	4

Сауалнама кілті:


а) белсенді буллинг (агрессияның көрінісі): 1, 3, 5, 6 — тікелей буллинг, ал 2 және 4 — жанама буллинг;

б) виктимдікті анықтау үшін (пассивті буллинг, яғни агрессияға ұшырау): 7, 10, 11, 13 — тікелей виктимдік, ал 8, 9, 12 — жанама виктимдік.

Нәтижені өңдеу: алынған ұпайлар кілтке сәйкес топтастырылады және әр шкала бойынша ұпайлар саны есептеледі. Ұпай саны, сұрақтар санына бөлінеді. Буллингтің белсенді және пассивті көрсеткіштері 0 ден 4 ке дейін ұпай деңгейінде:

- буллингтің пассивті көрінісі: 0-1 ұпай (әлсіз, сирек);
- буллингтің орташа көрінісі: 1 ұпайдан жоғары, 3 ұпайдан аз — орташа (эпизодтық түрі);
- буллингтің белсенді көрсеткіші: 3-4 ұпай (анық, үнемі, жүйелі).

8-сыныптарда (300 оқушы) «Буллинг сауалнамасының нәтижелері» бойынша оқушылардың 25%-ы буллингке ұшырайды, оның ішінде ұлдар арасында 32%-ы буллинг жағдайына, ал қыздар арасында 23%-ы. Тұрақты буллингке ұшыраған оқушы 14% құрайды, ал оқушылардың 6% аптасына бір реттен аз буллингке ұшырайды (1-сурет).



1-сурет. Буллинг сауалнамасының нәтижелері

Социометрия — сыныптағы оқушылардың жеке қарым-қатынастарын зерттеуде жиі қолданылатын тиімді әдіс. Аталған әдіс бойынша сыныптағы «жұлдыз» оқушылармен мен көшбасшыларды анықтауда ұнату мен ұнатпаудың сандық өлшемдеріне көп көңіл бөлінеді. Социометрия социометриялық тесттен, аутосоциометриядан, ретроспективті социометриядан және т.б. әдістерден тұрады. Зерттелуші топ мүшелерінің социометриялық мәртебесін оң және бұрыс таңдауды есептеу арқылы алуға болады. Осы себепті сынып оқушыларының социограммасы мен социоматрицасын жасауға

мүмкіндік береді. Социометрия сынып ішіндегі қарым-қатынастар заңдарын қалыптастыруға мүмкіндік тудырды.

Социометрия әдісі бойынша оқушылардың қарым-қатынасын зерттеудің сараптамасы. Қатысқандар саны — 300 оқушы (екі мектептің 8-сынып оқушылары).


Мақсаты: өзара қарым-қатынастары арқылы оқушылардың көшбасшылыққа немесе «жұлдыздыққа» тән сынып ішіндегі беделін анықтау. Оқушыларға үлестірілген сауалнама сұрақтары:

1. Сыныпта кімнің қасына отырғың келеді?
2. Сабаққа кіммен бірге дайындалғың келеді?
3. Кіммен дос болғың келеді?
4. Кіммен бірге киноға, серуенге, демалуға барғың келеді?
5. Туған күніңе кімді шақырғың келеді?
6. Іс-шараларда кімнің тобында болғың келеді?

Таңдау матрицасы: кім таңдайды, кімді таңдайды, қанша рет таңдалды: өзара (бір-бірін), қанша оқушы таңдады. Таңдау матрицасындағы мағлұматтар өңделіп болғаннан кейін төрт шеңберден тұратын социограмма жасалды.

1. Шеңберге — ең көп таңдалғандар
2. Шеңберге — орташа таңдалғандар
3. Шеңберге — орташа саннан төмен таңдалғандар
4. Шеңберге — оқшау, еленбей, шеттеп қалғандар

Социометрия нәтижелерінен 8-сынып оқушыларының 14%-ы «жұлдыздар», 69%-ы «қабылданған», 12%-ы «назардан тыс қалған» және 5%-ы «қабылданбаған». Сыныптағы «қабылданбаған» оқушылар — буллингтің ықтимал құрбандары (2-сурет).



2-сурет. Социометрия нәтижесі

Осы жүргізген диагностика нәтижесінде буллингтің алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру және жүзеге асыруда агрессивті реакцияларды азайтуға, қақтығыста қорықпай әрекет ету дағдыларын қалыптастыруға және сыныптағы тұлғааралық қарым-қатынастарды оңтайландыруға баса назар аудару қажет.

Нәтижелер және талқылау

Оқушылармен буллингтің алдын алу жұмыстары аясында келесі тақырыптық тренингтер өткізілді. Атап айтсақ «Менің ассоциацияларым», «Бізді толғандыратын мәселелер», «Айна», «Менің күшті жақтарым», «Мен басқа адамға жағымды сөз айтқым келеді», «Сенімділікке сынақ», «Патша», «Көмекшілер», «Толеранттылық ағашы» және «Мектептегі буллинг» бейнефильмдері көрсетілді. Жаттығулар агрессивті және дұшпандық реакцияларды азайтуға, тұлғааралық және топаралық қаты-

настарды оңтайландыруға, жанжалда сындарлы әрекет ету дағдыларын қалыптастыруға және төзімділік пен эмпатияны дамытуға бағытталған.

Өткізілген диагностикалар бойынша нәтижелерді талқылай отырып, сыныптардағы буллингке ұшырауға ықтимал оқушылардың санын азайту үшін алдын алу жұмыстары ұйымдастырылды. Буллингтің алдын алу жұмыстарының мақсаты: буллинг туралы ақпарат беру, бір-біріне сыйластықпен, төзімділікпен қарауға, буллинг болған жағдайда не жасау керек екендігі түсіндірілді. Оқушылар мінез-құлқындағы ашуланшақтық пен агрессивтілікті жоюдың тиімді тәсілдерін, сондай-ақ олардың ауызша және күш көрсету агрессия деңгейіне әсер етуі мүмкін қақтығыстарда сындарлы әрекет ету тәсілдерін білді. Бұл жаттығулар болашақта оқушылардың буллинг жағдайына тап болған кезде жанжалдан дұрыс шығуға көмектесе алады.

Қорытынды

Мектепте буллингке ұшырауға ықтимал оқушылар, сыныпта буллинг жағдайларының болуы, «назардан тыс қалған» және «қабылданбаған» оқушылар мен агрессивтіліктің жоғары деңгейі бар оқушылар анықталды.

Буллингті алдын алу жұмыстарын ұйымдастыруда вербалды және вербалды емес тәсілдер қолданылды, шығармашылық тапсырмаларға баса назар аударылды.

Оқушылар арасында буллингтің алдын алу жұмыстарының бағдарламасында әңгіме, тренинг, жаттығу, ойындар қолданылды. Сонымен қатар, оқушыларға жеке шығармашылық тапсырмалар берілді. Бұл әдіс пен жаттығулар барысында оқушылардың белсенділігі мен қызығушылығы байқалды, соның арқасында олар оң нәтижеге қол жеткізді.

Мақала BR18574152 «Балалар мен жасөспірімдер арасындағы буллинг және кибербуллинг мәселелерін ғылыми-теориялық және салыстырмалы-аналитикалық талдау» атты тақырыптағы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің мақсатты қаржыландыру бағдарламасы аясында жарияланды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Toktanova, A.K. & Dzhakipbekova, M.T. (2022). Psychological bases of Development of cognitive, action, emotional reflection of students. *Bulletin of the Karaganda University, Pedagogy Series*, 4(108), 22-31.
- 2 Olweus, D. (1979). Stability of aggressive reaction patterns in males: A review. *Psychological Bulletin*, 86(4), 852-875.
- 3 Huesmann, L.R. & Eron, L.D. (1992). Childhood aggression and adult criminality. In J. McCord (Ed.). *Advances in criminological theory: Crime facts, fictions, and theory*. New Brunswick, NJ: Transaction Publishers, 3, 137-156.
- 4 Besag V.E. (1989). *Bullies and Victims in Schools*. Milton Keynes: Open University Press.
- 5 Olweus, D. (1977). Aggression and peer acceptance in adolescent boys: Two short-term longitudinal studies of ratings. *Child development*, 48, 1301-1313.
- 6 Arora C.M.J. (1994). Measuring bullying with the life in School checklist. *Patoral Care in Education*, 12, 11-15.
- 7 Smith, P.K. & Brain, P.F. (2000). Bullying in schools: lessons from two decades of research. *Aggressive Behavior*, 26 (1), 1-9.

А.А. Алимбекова, М.П. Асылбекова, Г. Утемисова

Практические аспекты профилактики буллинга

В статье раскрыто понятие буллинга как формы агрессивного поведения. Понятию «буллинг» даны научные выводы ученых. Авторы продемонстрировали практические аспекты профилактики буллинга в общеобразовательной средней школе по результатам проведенной ими диагностической работы. Названы основные причины буллинга в подростковом возрасте. Они основаны на опыте переходного возраста, где атмосфера школы, внутриличностные причины включают психологические и физиологические изменения, а семейные причины проистекают из проблем между детьми и родителями. Указанные причины связаны с психологическими изменениями учащихся и их личным опытом, авторами были написаны научно обоснованные идеи о буллерах и их жертвах. В диагностических работах использованы методы, с помощью которых доказаны результаты научных исследований по выявлению буллинга в школе. В программе, связанной с профилактикой буллинга, тренинги направлены на содействие установлению правильного общения в среде учащихся, основанного на человеческих ценно-

стях, которые мотивируют ученика ценить себя, повышать свою степень, учат относиться к другим людям с терпением, уважением и прощением.

Ключевые слова: буллинг, подростковый возраст, деликventность, депривация, феномен, поведение, процесс социализации, среда воспитания, вербальный буллинг, агрессия.

A.A. Alimbekova, M.P. Asylbekova, G. Utemisova

Practical aspects of bullying prevention

The article reveals the concept of bullying as a type of aggressive behaviour. The concept of bullying is given the scientific conclusions of scientists. The concept of bullying is given the scientific conclusions of scientists. The authors were able to demonstrate the practical aspects of the Prevention of bullying in general education schools through the results of their diagnostic work. The main causes of bullying in adolescence are named. They have created the author's assumptions that the atmosphere of the school, and intrapersonal causes are based on the experience of transitional age, which includes psychological and physiological changes, and family causes are caused by problems between children and parents. Scientifically based ideas have been written that the reasons mentioned are related to the psychological changes experienced by the students and their experiences and apply to both bullers and their victims. In the diagnostic work, methods have been used that have proven the results of scientific research to identify school bullying. Pieces of training in the program related to the Prevention of bullying are aimed at promoting the establishment of proper communication in the student environment. It is based on human values that motivate the student to develop self-esteem, increase his rank, and teach him to treat other people with patience, respect, and forgiveness.

Keywords: bullying, adolescent, delinquent, deprivation, phenomenon, behaviour, socialization process, educational environment, verbal bullying, aggression.

Букетов Университет